

Солтүстік Қазақстан облысында ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 274 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда № 26219 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысында ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің

2021 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 274 қаулысына

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысында ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесі

№	Объект атауы
1	2
Ақжар ауданы бойынша	
1	"Ленинградское" оқшау су құбыры

2	"Ащыкөл" окшау су құбыры
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан бойынша	
3	"Рузаевка" окшау су құбыры
4	"Чистополье" окшау су құбыры
5	"Новоишимское" окшау су құбыры
6	"Возвышенка, Чернозубовка" окшау су құбыры
Есіл ауданы бойынша	
7	"Корнеевка" окшау су құбыры
Жамбыл ауданы бойынша	
8	"Пресновка" окшау су құбыры
9	"Үлгі" окшау су құбыры
10	"Жаңажол" окшау су құбыры
11	"Майбалық" окшау су құбыры
12	"Благовещенка" окшау су құбыры
13	"Богдановка" окшау су құбыры
14	"Амангелді" окшау су құбыры
15	"Железное" окшау су құбыры
16	"Кладбинка" окшау су құбыры
17	"Петровка" окшау су құбыры
18	"Рождественка" окшау су құбыры
19	"Калиновский" окшау су құбыры
Қызылжар ауданы бойынша	
20	"Шаховское" окшау су құбыры
Тимирязев ауданы бойынша	
21	"Ақжан" окшау су құбыры
Уәлиханов ауданы бойынша	
22	"Есдәулет жер асты суларының кен орны" окшау су құбыры
23	"Қулыкөл, Қаратал" окшау су құбыры
24	"Қайрат" окшау су құбыры
25	"Жасқайрат" окшау су құбыры
26	"Қаратерек" окшау су құбыры
27	"Береке" окшау су құбыры
28	"Тілеусай" окшау су құбыры
Шал ақын ауданы бойынша	
29	"Садовка" окшау су құбыры
30	"Балуан" окшау су құбыры
31	"Семиполка" окшау су құбыры
32	"Жалтыр" окшау су құбыры
33	"Аксу" окшау су құбыры
34	"Жаңасу" окшау су құбыры
35	"Новопокровка" окшау су құбыры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК